

Қазақстан Республикасының Парламенті



Жэ – 201

Жақсылық Жанар



Қазақстан
Республикасының
Парламенті - елдің заң
шығару қызметін жүзеге
асыратын ең жоғарғы
өкілдікті орган.



1995 жылы 30 тамызда
бүкілхалықтық
референдуммен қабылданған
ҚР Конституциясына сәйкес
Парламент екі рет (1995
жылы және 1999 жылы)
сайланды.

- Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады. Өкілеттік Конституцияда көзделген жағдайлар мен реттерде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңмен белгіленеді.

Парламент екі палатадан тұрады

Сенат

Мәжіліс

ҚР Парламентінің
жоғарғы палатасы.
Өкілеттік
мерзімі – 6 жыл.

ҚР Парламентінің
төменгі палатасы.
Өкілеттік
мерзімі – 5 жыл.

Сенаттың құрамы

Сенат өкілеттігі мерзіміне Республика тағайындаған 15 депутаттан, және әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және республика астанасынан екі адамнан сайланады. Барлығы 47 депутат (болашақта олардың саны орнынан кеткен президенттер қатарынан көбейеді).

Мәжілістің құрамы

Мәжілістің құрамы партиялық
тізім бойынша сайланатын – 98
Ассамблеясынан сайланатын – 9
депутаттан, барлығы – 107
депутаттан тұрады

Депутаттық топ – депутаттардың өз өкілеттігін жүзеге асыру, сайлау округтерінде бірлесіп жұмыс істеу үшін құрылатын бірлестігі

Фракция – депутаттардың ұйымдасқан тобы. Фракция Парламентте саяси партияның немесе өзге қоғамдық бірлестіктің мүддесін білдіру мақсатында құрылады

Парламенттің жұмыс тәртібі

Парламент өзінің жұмысын сессия тәртібімен жүргізеді. Сессия палаталардың біріккен және оңаша Палаталарынан, Палаталардың тұрақты комиссияларынан тұрады. Парламент сессиясын Республика Президенті ашады.

Мәжілістің ерекше қарауына жататын мәселелер

Конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау, Республика Президентіне Республика Премьер-министрін тағайындауға келісім беруі, Президентінің кезекті сайлауын хабарлау, т.б.

Сенаттың ерекше қарауына жататын мәселелер

ҚР Президентінің ұсынуымен
Республиканың Жоғарғы Сотының
Төрағасын, судьяларын сайлау мен
қызметтен босату, олардың анттарын
қабылдау, Республика Президентінің
Республика Ұлттық Банкінің
Төрағасын, Бас прокурорын және
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің Төрағасын тағайындауына
келісім беру, т.б.

Заң жобаларының қабылдану үрдісі қалай

Заң шығару ынтасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек Мәжілісте жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттары мақұлдаған заң жобасы Сенатқа беріледі, онда 60 күннен асырылмай заң қаралады. Сенаттың үштен екісі мақұлдаған жоба заңға айналады, он күн ішінде қол қою үшін Президентке ұсынылады. Президент бір ай ішінде заңға қол қояды.